



Н. Құлжанова бюсті ашылды

Қазақ қыздары арасынан алғаш шыққан журналист, ұстаз, аудармашы, этнограф Нәзипа Серізбайқызының туғанына биыл 135 жыл толып отыр.

Нәзипа Құлжанова апамыздың есімін мәңгі есте қалдыру жолындағы тағы бір шара ол кісінің мүсінін орнатумен көрініс тапты. Салтанатты шарага қала екімінің орынбасары Тубекбай ЭУБӘКРОВ қатысып, ел үшін аяnbай еңбек еткен аяулы жаннның есімі ұлықталғаны құптарлық іс екенін айтты. «Бүгін біз Алаш қозғалысы кезінде айрықша қөзге түскен, аумалы - тәкеліп заманда ел қамы үшін курескен қайраткерлердің бірі - ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист Нәзипа Құлжанованың қаламыздан жаңалықты бой көтерген мүсінің ашылу салтанатына қатысып тұрмыз. Назипа Серізбайқызының киелі Торғай жерінде туып - есken, жерлесіміз екені біз үшін зор мақтанды. Бүгінде ұлы тұлғаның есімін иеленген білім ордасы жыл сайын жүзде-

ген шәкірт тәрбиелеп, еліміздің гүлденіне зор улесін қосып келеді. Ұлы тұлғалардың өмірі мен артында қалған мол мұрасы өскелең жас үрпаққа үлгі - өнеге. Оларды ардақтаپ, күрмет тұту - біздің парызымыз. Қаламыздың ескерткіштер шоғырына тағы бір аяулы ел перзентінің мүсінің қосылды. Қайырыл, құтты болсын, ағайын!», - дег атап етті Тубекбай ҒАПСАЛЫҚҰЛЫ.

Мұсін Нәзипа Құлжанова атындағы колледж жатақхана-сының алдына қойылды. Бюстті Арқалық қаласының күрметті азаматы Қайырдан ЖИЕНБАЕВ ағамыз пен Нәзипа апамыздың немере сіндісі Болтай МУРАТҚАЛИҚЫЗЫ салтанатты турде ашты. Жиылғандар апамыздың руҳына тағзым етіп, мүсініне жул шоқтарын қойды.

Бюст мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жасалғанын айта кетейік. Жобаны жүзеге асыруши «Жасампаз - жастар үйимы» ҚБ.

Нәзипа Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист. Ол ез заманында: «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» газеттері мен «Әйел тендігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарған. Қаламы

қарымды қаламгер, ұлагатты үстаз халқының болашағы үшін жан аямада еңбек етіп: «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы» газеттерінде әйел тендігі және оқу-агарту мәселе-ләрі туралы көптеген мақалалар жариялады. Ұзақ жыл оқытуыш болып қызмет жасап, қазақ мектептері үшін оқулықтар жа-зып шағарды. Оның айғағы: «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиеسى» атты әдістемелік кітаптары. Сондай - ақ, қазақ әндерінің нотаға ту-суинде зор көмек көрсетіп, За-таевиchie бірнеше әндер жазды-рган.

Құлжановтардың өмірін, шығармашылығын, мемлекет-тік және қоғамдық деңгейде атқарған қызметтерін лайықты зерделеп, бірнеше мақалалар жазып насиҳаттаған аға буын әкілдерінің бірі - Арқалық қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Муратқали Камалов ақсақал еді. Осы кісінің тоқтаусыз із-денісінің арқасында қазіргі Арқалық педагогикалық кол-леджіне Нәзипа Құлжанована-ны есімі берілді. Жиында осы мәліметтер айтылды.